

## Түлкібас ауданы бойынша тұрғын үй сертификаттарының мөлшері мен оларды алушылар санаттарының тізбесін айқындау туралы

### *Күшін жойған*

Түркістан облысы Түлкібас аудандық мәслихатының 2022 жылғы 23 желтоқсандағы № 27/6-7 шешімі. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2022 жылғы 30 желтоқсанда № 31509 болып тіркелді. Күші жойылды - Түркістан облысы Түлкібас аудандық мәслихатының 2023 жылғы 3 қарашадағы № 8/6-08 шешімімен

**Ескерту. Күші жойылды - Түркістан облысы Түлкібас аудандық мәслихатының 03.11.2023 № 8/6-08 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімімен.**

Қазақстан Республикасының "Тұрғын үй қатынастары туралы" Заңының 14-1 бабының 2 тармағына, Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 2019 жылғы 20 маусымдағы № 417 "Тұрғын үй сертификаттарын беру қағидаларын бекіту туралы" (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 18883 тіркелген) бұйрығына сәйкес, Түлкібас аудандық мәслихаты ШЕШТІ:

1. Түлкібас ауданы бойынша тұрғын үй сертификаттарының мөлшері мен оларды алушылар санаттарының тізбесі осы шешімнің 1, 2 қосымшасына сәйкес айқындалсын.

2. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Аудандық мәслихаттың хатшысы*

*С. Сейсенбаев*

Түлкібас аудандық мәслихаты  
2022 жылғы 23 желтоқсандағы  
№ 27/6-7 шешіміне қосымша

## Түлкібас ауданы бойынша тұрғын үй сертификаттарының мөлшері

1. Әлеуметтік көмек ретінде тұрғын үй сертификатының мөлшері әрбір алушы үшін қарыз сомасының 10%-ы, бірақ 1 500 000 (бір миллион бес жүз мың) теңгеден артық емес.

2. Әлеуметтік қолдау ретінде тұрғын үй сертификатының мөлшері әрбір алушы үшін қарыз сомасының 10%-ы, бірақ 1 500 000 (бір миллион бес жүз мың) теңгеден артық емес.

Түлкібас аудандық мәслихатының  
шешіміне 2 қосымша

## **Тұлкібас ауданы бойынша тұрғын үй сертификаттарын алушылар санаттарының тізбесі**

- 1) Ұлы Отан соғысының ардагерлері;
  - 1-1) жеңілдіктер бойынша Ұлы Отан соғысының ардагерлеріне теңестірілген ардагерлер (жергілікті атқарушы органдарында тұрғын үй алуға кезекте тұрған);
  - 1-2) басқа мемлекеттердің аумағындағы ұрыс қимылдарының ардагерлері (жергілікті атқарушы органдарында тұрғын үй алуға кезекте тұрған);
- 2) бірінші және екінші топтардағы мүгедектігі бар адамдар (жергілікті атқарушы органдарында тұрғын үй алуға кезекте тұрған);
- 3) мүгедектігі бар балалары бар немесе оларды тәрбиелеп отырған отбасылар (жергілікті атқарушы органдарында тұрғын үй алуға кезекте тұрған);
- 4) денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті орган бекітетін аурулар тізімінде аталған кейбір созылмалы аурулардың ауыр түрлерімен ауыратын адамдар (жергілікті атқарушы органдарында тұрғын үй алуға кезекте тұрған);
- 5) жасына байланысты зейнет демалысына шыққан зейнеткерлер (жергілікті атқарушы органдарында тұрғын үй алуға кезекте тұрған);
- 6) кәмелетке толғанға дейін ата-аналарынан айырылған жиырма тоғыз жасқа толмаған жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалар (жергілікті атқарушы органдарында тұрғын үй алуға кезекте тұрған);
- 7) қандастар (жергілікті атқарушы органдарында тұрғын үй алуға кезекте тұрған);
- 8) экологиялық зілзалалар, табиғи және техногенді сипаттағы төтенше жағдайлар салдарынан тұрғын үйінен айырылған адамдар (жергілікті атқарушы органдарында тұрғын үй алуға кезекте тұрған);
- 9) "Алтын алқа", "Күміс алқа" алқаларымен наградталған немесе бұрын "Батыр ана" атағын алған, сондай-ақ I және II дәрежелі "Ана даңқы" ордендерімен наградталған көпбалалы аналар, көпбалалы отбасылар (жергілікті атқарушы органдарында тұрғын үй алуға кезекте тұрған);
- 10) толық емес отбасылар (жергілікті атқарушы органдарында тұрғын үй алуға кезекте тұрған);
- 11) денсаулық сақтау, білім беру, мәдениет, спорт салаларындағы бюджеттік ұйымдарының мамандары (жергілікті атқарушы органдарында тұрғын үй алуға кезекте тұрған).